

Педагогикалық шеберлік



- **Курсының мақсаты:**

Болашақ педагог-психолог студенттер бойында оқыту мен тәрбиелеудің, өзін-өзі жетілдірудің өнерін үнемі жетілдіріп отырудың қажеттілігін қалыптастыру. Сонымен қатар, студенттің өз бойындағы осы жұмысқа бейімділігін, қызығушылығын байқату, әрі қарай шығармашылықпен іскерлік қабілетін дамытуға әрекет жасау.


- **Курстың міндеттері:**

- мұғалімнің жеке тұлғалық ерекшелігін, мұғалім бойындағы ізгі адамгершілік қасиеттерін таныстыру, еліктету;
- мұғалім мамандығына қызығушылығын арттырып, оған деген бейімділігін күрделі істерге жалғастыру;
- мұғалімнің білім беруді, мектепті, тәрбие жұмыстарын басқару шеберлігін, іскерлігін байқату, қызықтыру;
- мұғалім еңбегінің қиыншылықтары мен жетістіктеріне байланысты, оқушы мен мұғалім, мұғалім мен ата-ана, мұғалім-оқушы-басшы арасындағы ынтымақтастық пен түсініспеушіліктің алдын алу шараларын ұйымдастыру.



Курстың мазмұны:

- Жаңа адамды қалыптастырудың көпқырлылығы мен күрделілігі қазіргі тәрбие теориясы мен практикасы үшін педагогикалық біліктілік қажет. Педагогикалық біліктілік бір жағынан педагогтың педагогикалық мәдениетінің маңызды компоненті болса, екінші жағынан кәсіптік даму мен жетілдірудің алғы шарты болып табылады. Педагог білім мен дағдының, қабілеттің тұтас комплексіне (жиынтығына) ие болған жағдайда ғана маман бола алады. Педагогикалық процесс тұтастығымен және жүйелілігімен сипатталып, барлық педагогикалық құралдар қзара байланыста болса ғана тәрбие мен оқыту шындыққа айналады. Тәрбие, оқыту мен даму біртұтас болып біріккенде ғана шығармашылық, гармониялық жағынан дамыған тұлға қалыптасады.
- Педагогикалық біліктілік-іс-әрекеттің барлық түрін тұлғаның әлеуметтік іс-әрекетіндегі қажеттілікке, дүниетанымы мен қабілеттерін қалыптастыруға, жан-жақты дамуы мен жетілуіне бағыттау мен белсенділігін арттырудағы мамандық шеберлік. Қазіргі педагогикалық білім беру концепциясы болашақ мамандардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, терең ғылыми кәсіптік-педагогикалық дайындыққа қол жеткізу үшін алғы шарт жасауды қсынады.
- «Педагогикалық шеберлік» курсының мазмұны «Педагогика және психология» мамандығы бойынша студенттерді дайындаудың жалпы педагогикалық жүйесіндегі орталық модулдердің бірі ретінде оқытудың объектісі болып табылады.
- Курсты оқыту студенттің ойлау іс-әрекеттің арттырудың түрлі әдістері: проблемалық жағдай материалды баяндаудың диалогтық әдісі, және т.б. әдістері қолданылатын лекция, семинар және лаборатория сабақтары арқылы жүзеге асады. СӨЖ формалары: педагогикалық әдебиеттерді аннотациялау мен конспектiлеу, педагогикалық сөздіктің рецензиялау, педагогикалық сөздік жасау, педагогикалық тренинг.



Педагогикалық шеберлік КОМПОНЕНТТЕРІ

Гуманистік бағыт

Кәсіби білім

Педагогикалық
қабілет

Педагогикалық
техника



Аудиторияға ықпал ету ерекшеліктері



Педагог

Тәрбиелік ықпалды арнайы, бағдарлы жоспарлы түрде, арнайы мекемелерде жүзеге асырады. Аудиториясы шектеулі: Тәрбиелік қызметімен қатар білімдендіру қызметін атқарады. Педагогикалық этика мен ұстанымдарын басшылыққа алады


Аудиторияға тәрбиелік ықпал ету. Көпшілік санасына әсер ете алу қабілеті. Коммуникативтілік, харизма, амбиция көпшілік зейінін өзіне аударта білу. Қоғамдыық көзқарасты еалыптастырушы

Актер

Тәрбиелік ықпалды жоспарлы түрде жүзеге асырмайды. Аудиториясы ауқымдығы жағынан кең. Білімдендіру қызметі мен міндетіне кірмейді. Өз мамандығына тыс ұстанымдарға сүйенбейді.



Педагогтың сыртқы келбет мәдениеті



Сыртқы
келбеті

Киіну мәдениеті
ресми; жүріс
тұрыс
мәдениеті; дене
бітіміне, сыртқы
келбетіне
ұқыптылықпен
қарау; жағымды
эмоционалды
фон басым
болуы;
жағымсыз
эмоцияны
жасыра білу

Вербалды және
вербалсыз қарым
қатынас

Сыпайы, әдепті,
мәдениетті өзін
өзі ұстай білу;
субординацияны
сақтай булі;
дикция, сөз
тембрі,
интонацияға
баса көңіл бөлу;
сабырлық
таныту

Имидж

Белгілі кәсіби
ұстанымдарды
ұстану;
“авторитарлы
тұлға” емес
“демократ тұлға”
келбетін имиджін
қалыптастыру;
ресми және
бейресми лидер
қызметін атқара
білу; өзіне сенімді
әділетті тұлға
имджін
қалыптастыру



Танымдық
сфера

Жан жақты
ақпаратталған;
өз көзқарасын
анық және
тиянақты
жеткізе алу;
оқушылар
зейінін өзіне
қарата білу;
білімін үздіксіз
жетілдіріп
отыру; әр
баланың
тұлғасына
жағымды әсер
ету.

Педагогикалық шеберлік ерекшеліктері

Бүгінгі жас ұрпаққа жан жақты білім беру, тәрбиелеу әрбір ұстаздың басты міндеті. Қайсыбір мұғалімдер сабақтың жаңа түрін пайдаланса, кейбіреулері жаңашыл мұғалімдердің тәжірибесін қолданады. ХХ ғасырдың басында Ж.Аймауытов: “Сабақ беру үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол жаңадан жаңаны табатын өнер” деген. Ең бастысы оқушының шығармашылық қабілетін дамыту негізгі ұстаным.

Оқушылардың дүниетанымын кеңейту және жеке қабілеттерін көре біліп, оны дамытуға толық мүмкіндік тұғызу, қабілетіне қарай шығармашылық жұмыспен шұғылдануға машықтандыру, бойындағы қасиетіне қарай ізденуге жол көрсету. Педагог міндеті оқушының бойында жасырынып жатқан мүмкіндіктерін ашып көрсету. Мектепте және кез келген оқу орнында қазіргі уақыт талабына сай сапалы білім беру.



Педагогикалық қарым-қатынас руханилықты

қалыптастырудың факторы ретінде .

Қарым-қатынас - рухани құбылыс ретінде. Қарым-қатынас ойымен, құпиясымен, білімімен, әсерлерімен алмасу ретінде. Педагогтың жастарға деген тұлға ретінде, кәсіби-әңгімелесуші және мұғалім ретінде қажетті болуға талпынуы. Студентке (оқушыға) өз танымы мен әлемге деген түсінігі бар қоршаған әлемді бағалаудағы толыққанды күрделі жүйе ретінде қатынас.

Диалогтыққа, тәубешлікке, ашықтыққа екі жақты ден қою.

Жанжал педагогикалық қарым-қатынастың компоненті (құрамдасы) ретінде. Жанжал жағдайындағы өзара байланыстың барысында адамдардың бірін-бірі тануының тұлғалық даму мүмкіндігі.


Қарым-қатынастың жанамалы және тікелей түрлері. «Әлеммен адам сияқты әңгімелесу – жанамалы қарым-қатынастың мәні».

Қарым-қатынастың эстетикалық үлгісі - әлемді игерудің объективті атрибуты ретінде. Қарым-қатынастың эстетикалық түрі, оның өндіріске, эстетикалық құндылықтарды сақтауға, игеру мен тапсыруға бағыттылығы. Эстетикалық қарым-қатынастағы эмоционалдылық, эстетикалықтың қарым-қатынас мүшелерінің күйзелісі мен уайымы түрінде көрінісі. Қарым-қатынас мүшелерінің тілдік қызметі – эстетикалық эмоцияларды білдірудің тәсілі.



Педагогикалық қарым қатынасты ұйымдастыру

- Оқытушы мен білімгердің арасындағы оқу тәрбие жұмысын жүзеге асыруға қажетті маңызды психологиялық ахуал жасайтын, болашақ мамандардың кәсіпке бейімделуін шыңдайтын кәсіптік мамандық қатынасының түрі.



Педагогикалық қарым қатынасты ұйымдастыру кезеңдері



Қарым
қатынасты
моделдеу

Тікелей
қарым
қатынасты
ұйымдастыру

Қарым
қатынасты
меңгеру


Жүзеге
асырылған
қарым
қатынасты
талдау




Қарым қатынасты

моделдеу

- Бұл кезең алдағы сабақтың мазмұнымен және әдістемелік компоненттерімен тығыз байланысты болады. Әрбір топта қарым қатынас үрдісінің өзгешелігі болады, сол топтағы сабақтың да өтілуіне қарым қатынас әсер етеді. Сабаққа әзірленудің белгілі үлгісі мынадай; бағдарламамен танысу, материалды сұрыптау, оқыту мен тәрбиелеу тәсілдерін белгілеу, бұған қоса алдағы уақыттағы қарым қатынасты ұйымдастыруды болжау, оның үстіне мұның соңғы айтылған аспектісі қалған барлығына, соның ішінде оқыту тәсілдеріне де ықпал етуі мүмкін



Тікелей қарым қатынасты ұйымдастыру



- Топпен бастапқы байланыс жасау кезеңі тікелей қарым қатынасты ұйымдастыру деп аталады. Тәжірибеде және жүргізілген зерттеулерде қарым қатынастың бұл кезеңінің ерекше маңызды екендігі аңғарылады. Қарым қатынас инициативасын табысты болған жағдайда мұны шартты түрде “коммуникативтік шабуыл” деп атауға болады.
- Сабақта оқушылардың танымдық әрекетін және оны тәрбиелеуді меңгеру ең алдымен қарым қатынасты ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады.




Қарым қатынасты меңгеру



- Мұнда педагог шартты түрде педагогикалық байланысы бар толып жатқан коммуникативті міндеттерді шешеді. Қарым қатынас барысында оқу тәрбие ақпаратын нақтылаудың оны педагогикалық үрдістің өзгермелі жағдайына ыңғайлай білудің, білімгерлердің дербес ерекшеліктерін ескерудің айрықша маңызы бар




Жүзеге асырылған қарым қатынасты талдау



- Педагогикалық қарым қатынастың төртінші кезеңі жүзеге асырылған қарым қатынасты талдау. Оқытушы қарым қатынастың осал жақтарын да айқындай білуге, білімгерлермен өзара әрекет жасаудағы байланысына қаншалықты қанағаттанғандығын талдап, ұжыммен алдағы болатын қарым қатынас жүйесін жоспарлауы тиіс.





- Педагог актер
- Арнайы жоспарлы түрде тәрбиелік іс әрекетті атқармайды.
- Өзі процеске тікелей қатысады.

- Педагог режиссер
- Жалпы бір мақсатқа жетуге жұмылдыра алады.
- Өзі процеске тікелей қатыспай басқарушы, үйлестіруші, реттеуші қызметін атқарады



Педагогикалық шеберлік



- ол мұғалімнің шығармашылығында, адамды оқытып, тәрбиелеп дамыту өнерін үнемі жетілдіруінде көрініс табатын педагогикалық іс-әрекеттің ең жоғары деңгейі. Педагогикалық шеберлік- педагогикалық қызметтің жоғары деңгейде меңгерілуі; педагогтің оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетін пәрменді басқарып, мақсаткерлік педагогикалық әсер мен өзара әрекеттестікті жүзеге асыруына мүмкіндік беретін арнаулы білімдерінің, біліктері мен машықтарының, тұлғалық кәсіптік маңызды қасиеттерінің кешені.




Педагогикалық біліктілік, іс-әрекет және оның тәрбиедегі мәні



- Педагогикалық біліктілік және оның әлеуметтік мәні. Кәсіби білім біліктің фундаменти (негізгі іргетасы). Педагогтың кәсіптік білімінің ерекшеліктері. Педагогикалық біліктілік және педагогикалық іс-әрекет. Педагог-психологтың кәсіптік педагогикалық іс-әрекетінің ерекшеліктері. Біліктілік - педагогикалық іс-әрекеттің жоғары деңгейі. Педагогикалық іс-әрекеттің деңгейлері: репродуктивті, адаптивті, локалді-моделдік іс-әрекет және мінез-құлық. Педагогикалық іс-әрекеттегі актерлік және режиссерлік шеберліктің элементтері. Педагогикалық іс-әрекет индивидуалды шығармашылық қабілеттерді іске асыру ретінде. Педагог пен актер - аудиторияға тұлғалық ықпал етуді таратушылар. Педагогтарды дайындаудағы К.С.Станиславскийдің театрлық жүйесінің принциптері.
- Педагогикалық біліктілікті іске асыру мен қалыптастыру жолдары. Педагогикалық өзін-өзі тәрбиелеуі біліктіліктің қажетті алғышарттары терінде.



Педагогикалық біліктіліктің элементі - педагогикалық техника.



- Педагогикалық техника - педагогтың әрекетін ұйымдастыру формасы, оның компоненті ретінде. Педагог әрекетіндегі техника мәні. Жас педагогтың педагогикалық техникасының кемшіліктері. Өзін-өзі билеудегі педагогтың шеберлігі. Өзін-өзі реттеу техникасының негіздері, өз психофизикалық күйін басқару техникасы.
- Сөйлеу техникасы: дем, дауыс, дикция.
- ЫІм, ишара (мимика), оның байланыс жасаудағы рөлі.
- Педагогикалық этика, педагогикалық такт жайлы түсінік. Әдеп (этика), педагогикалық әдептің сақталуы оқушы мен мұғалім қарым-қатынас деңгейлерінің жоғары көрсеткіші.



Оқытушының жеке тұлғалық және кәсіптік ерекшелігі, оқытушының педагогикалық қабілеті, қалыптасу

кезеңдері мен жолдары

- Оқытушының жеке басының тұлғалық қасиеті, моральдық, адамгершілік сапасы. Педагогикалық қабілеттердің ерте, дәл және кеш қалыптасу себептері. Педагогикалық қабілеттің қалыптасу жолдары, кезеңдері. Оқытушының студенттермен педагогикалық этикаға сай қарым-қатынаста болуы, жауапкершілігі. Н.В.Кузьминаның педагогикалық қабілет жайлы ойлары.
- Педагогтың сырт келбеті: киімі, коммуникацияның вербалды емес құралдары. Мимика, байланыс орнатудағы оның рөлі. Пантомимика, оның тәрбиеші әрекетімен өзара байланысы. Қимылдың эмоционалдық және бейнелілігі (мазмұны). Зиянды әдеттер.




Педагогтың сөзі тәрбиелік ықпал ету мен мағлұмат беру құралы ретінде.



- Педагог сөзі оның іс-әрекетінің құрылымында. Тіл және сөз. Ауызша сөйлеу ерекшеліктері: жағдайлық, кері байланыс, баптау стереотилизациясы, эмоционалдық. Сөз әрекетінің психологиялық құрылымы: мақсаты, мазмұны, формасы. Сөз - мұғалім мен оқушылардың тіл табысу құралы. В.А.Сухамлинскийдің мұғалім сөзі мен оның тиімділігіне деген талаптары туралы. Педагог сөзінің тиімділігінің әлеуметтік-психологиялық факторлары. Сөз мәдениеті, оның элементтері. Мұғалім сөзінің логикасы. Сөздің лексикалық мәдениеті. Сөздің грамматикалық дұрыстығы. Сөз сөйлеу құралдары. Сөз сөйлеу техникалар: дем алу, дауыс, дикция, ырғақ. Педагог сөзін ары қарай жетілдіру жолдары.




Педагогикалық ықпал ету шеберлігі.



- Педагогикалық тіл табысу, оның мәні, қызметі, стилі.
- Педагогикалық еп - педагогтің оқушылармен, мұғалімдермен, ата-аналармен педагогикалық жалпылық қатынастар орнату шеберлігі. Педагогтің педагогикалық епті игеру шарттары. Педагогтің оқушыларға, ата-аналарға, мұғалімдерге байланыстық ықпал ету тәсілдері. Үгіттеу адамдар психологиясына танымдық және ұйымдасқан ықпал ету тәсілі. Үгіттеудің сөздік формалары: дәлелдеу, хабарлау, әңгімелеу, түсіндіру.
- Педагогикалық процестегі тиімді үгіттеу шарттары. Үгіттеу - педагогтің оқушыларға, ата-аналарға, мұғалімдерге психологиялық ықпал ету тәсілі. Сендіру түрлері. Сенімнің сөздік формалары: команда, бұйрық, сену немесе талқылау, әзіл арқылы білдіру, мысқыл, жұмбақтап білдіру.



Жоғары және орта оқу орындарында оқу-тәрбие процесін басқарудағы мұғалім шеберлігі.



Оқушылардың танымдық әрекетін басқарудағы оқытушы шеберлігі. Оқушылардың кәсіптік қызығушылығын тудыру және зейінін қолдау шеберлігі. Тыңдалған мамандыққа деген мотивацияны күшейту. Студенттердің өзіндік және ғылым-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру мен басқарудағы оқытушы шеберлігі. Болашақ маманның тұлғасын жан-жақты дамытуға қолайлы алғы шарттар жасауда, оның тұлғалылығына ықпал етудің тиімді жолдарын табудағы тәрбиеші шеберлігі. Студенттер ұжымындағы тұлғааралық қатынастар жүйесін басқарудағы тәрбиеші шеберлігі.



Педагогикалық қарым-қатынастық іскерлігінің қалыптасу шарты мен

құрылымы.

Педагогикалық қатынас ерекшелігі. Қатынас процесінде жүзеге асырылған жұмыстардың түрлері. Баланың оқу-танымдық және басқа қызметтерінің өзара байланысы және оның басқа адамдармен қарым-қатынасы.

Педагогикалық қатынас педагогтардың оқушылармен өзара байланысының әлеуметтік-нормативтік формалары.

Кәсіби-педагогикалық қатынас коммуникативтік тапсырмалардың жүйесі ретінде.

Оқытушылардың коммуникативтік әрекеті оқушының оқу әрекетін бағыттаушы және коммуникативтік тапсырмаларды шешу құралы ретінде.

Педагогикалық қатынас динамикасының педагогикалық процесс логикасымен сәйкестілігі. Педагогикалық қатынастың қолданылған технологиясының нәтижесі және тікелей қатынас ұйымын моделдеу, қатынасты басқару, процесті талдау.


Педагогикалық қатынас стилі, оның педагогикалық қызметтің жалпы стилімен өзара байланысы. Педагогтың коммуникативтік мүмкіндіктерінің педагогикалық стиліне әсері.

Оқытушылардың қатынас стилін қалыптастыра білуі және оқытушының жеке басының міндеттерін шешуге әсер ететін өзіндік кәсіби диагностиканың дәстүрін игеруі.

Педагогтармен оқушылардың арасындағы мақсатқа сай педагогикалық өзара қарым-қатынас.



Педагогикалық қарым-қатынастағы кикілжіңдер



- Кикілжіңдердің пайда болу себептері, құрылымы және сұрыптау. Орта білім беретін және жоғары мектептегі шиеленістер. Оқушылар мен студенттердің кикілжіңге бейімдейтін істердің алдын алу. Оқушы мен мұғалім, оқушы мен оқушы арасындағы педагогикалық кикілжіңдерді шешу. Педагогикалық кикілжіңдердің ерекшеліктері.
- “Басқарушы-бағынушы” арасындағы кикілжіңдер. Басқарушы мен қызметкер ара қатынасының шиеленісуінің себептері. Мұғалім-оқушы-ата-ана арасындағы қарым-қатынастар.



